БЕКІТЕМІН
“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС
меңгерушісі _____ Ж.М Сапарбаева

Нұр-Бала"
БӨБЕКЖАЙ-БАҚША
БСН/БИН
171240010476

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2024–2025 оқу жылына арналған
педагогикалық кеңес отырысының жоспары

“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2024–2025 оқу жылына арналған
педагогикалық кеңес отырысының жоспары

Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
№ 1-педагогикалық кеңес **Тақырыбы**: «Педагогикалық старт. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2024 - 2025 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау». **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2024-2025 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі: 1. Алдыңғы өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2.Жазғы сауықтыру нәтижелері. 3.2024 - 2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау: - мектепке дейінгі ұйымды дамытудың негізгі басымдықтарын талқылау; - «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру; - педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау: жаңа тәртіп пен біліктілік санаттары; - балалардың кешенді қауіпсіздігі стратегиясы, педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? 4.Бекіту: - вариативті, жеке, бейімделген даму бағдарламалары, ұйымдастырылған іс-әрекет регламенті, күн тәртібі; - педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастыру және қабылдау; - 2024-2025 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру жоспарлары; - үйірме жұмысының циклограммалары; - жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің төрағасын, хатшысын таңдау; - аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдау; - инновациялық қызмет бойынша шығармашылық топтардың құрамын бекіту. 5.Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау. 6.Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Тамыз	Меңгеруші Әдіскер Мейірбике Педагогтер
№ 2-педагогикалық кеңес **Тақырыбы:** «STEM-технология мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру шеңберінде баланы дамытудағы инновациялық тәсіл ретінде». **Мақсаты:** педагогтерді белсендіру әдістерін пайдаланып, оларды баланың дамуына инновациялық көзқарас мәселелерінде өзінің құзыреттілігін бағалауға қатысуға тарту.		

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі 1. № 1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Үздік жобалық қызмет» байқауының қорытындысын талқылау. 3. Тақырыптық бақылаудың нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі. 4. «Педагог жәрмеңкесі» жұмыс тәжірибесінің өз-өзін таныстыру (біліктілік санатын жоғарылатуға үміткер педагогтер). 5. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Желтоқсан	Меңгеруші Әдіскер Психолог Педагогтер
№3-педагогикалық кеңес. **Тақырыбы:** «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру». **Мақсаты:** адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру жолдары мен тәсілдерін қарастыру.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі 1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. «Адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың әртүрлі әдістерін енгізу бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің үзінділері» атты бейнелі очерк. 3. «Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірлемелер» атты педагогикалық шеберлік конкурсының қорытындыларын талқылау. 4. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушы ортаны, осы бағыт бойынша педпроцесс ұйымдастыру үшін тиісті жағдайлар мен әртүрлі құралдардың болуын бағалау». 5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу туралы: шаралар, міндеттер және қызметкерлердің жауапкершілігі. 6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.	Наурыз	Меңгеруші, әдіскер, педагогтер
№4-педагогикалық кеңес. **Мақсаты:** педагогикалық ұжымның негізгі міндеттерді іске асыруының тиімділігін анықтау; - барлық жас топтарындағы білім беру жұмысындағы проблемаларды анықтау және талдау; - келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу; - жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібі 1. № 3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау. 2. 2024 / 2025 оқу жылындағы жұмыстың нәтижелілігі, 2024/-2025 оқу жылындағы жұмысты талдау. 3. Балалардың даму мониторингін талдау. 4. Топ тәрбиешілерінің оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі. 5. Мектепке дейінгі ұйым мамандарының 2024/2025 оқу	Мамыр	Әдіскер Тәрбиешілер Мамандар

жылындағы қызметінің есептері. 6. Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2024-2025 оқу жылына арналған негізгі бағыттарының жобасын анықтау. 7. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстың жылдық міндеттерін бекіту. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту. 9. Педагогикалық кеңестің шешімі.		

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
№1 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: Тамыз 2024 жыл.
Қатысқандар: 10

Тақырыбы: «Педагогикалық старт. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның 2024–2025 оқу жылына арналған қызметін ұйымдастыру және жоспарлау».
Мақсаты: Педагогтерді 2024–2025 оқу жылына арналған нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау және педагогикалық қызметті жүйелі жоспарлау.

Күн тәртібі:
1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы.
3. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.
4. Жаңа оқу жылына арналған педагогикалық құжаттарды бекіту.
5. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы баяндап, жоспарланған жұмыстардың жүзеге асырылу барысына тоқталды.
2-мәселе бойынша: Медицина қызметкері Шушлебина Н.Н. жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру, таза ауада серуендеу және сауықтыру шараларының ұйымдастырылуы туралы ақпарат берді.
3-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі басым бағыттары, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру, педагогтерді аттестаттау және балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.
4-мәселе бойынша: Педагогтердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, үйірме жұмыстары және өз білімін жетілдіру жоспарлары қаралды. Сонымен қатар педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысын, аттестаттау комиссиясының мүшелерін және шығармашылық топ құрамын бекіту мәселелері қарастырылды.

5-мәселе бойынша: Әдіскер ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстырды. Ата-аналар жиналыстарын, кеңестерді, ашық есік күндерін және бірлескен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы назарға алынсын.
3. 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Педагогтердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары және өз білімін жетілдіру жоспарлары бекітілсін.
5. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.
6. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары тұрақты бақылауда болсын.
7. Ата-аналармен жұмыс жоспары бекітіліп, белгіленген мерзімде орындалсын.

Кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.
Хатшы: _____ Шортанова Ж.К

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
№2 педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: Желтоқсан 2024 жыл.
Қатысқандар: 10

Тақырыбы: «STEM-технология мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделін іске асыру шеңберінде баланы дамытудағы инновациялық тәсіл ретінде».
Мақсаты: Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, баланың жан-жақты дамуына бағытталған инновациялық тәсілдерді меңгерту және STEM технологиясын білім беру процесінде тиімді қолдану.

Күн тәртібі:
1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Үздік жобалық қызмет» байқауының қорытындысын талқылау.
3. Тақырыптық бақылау нәтижелері: STEM технологиясын баланың дамуындағы инновациялық тәсіл ретінде енгізудің тиімділігі.
4. «Педагог жәрмеңкесі»: біліктілік санатын жоғарылатуға үміткер педагогтердің жұмыс тәжірибесін таныстыруы.
5. Жол-көлік жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы ақпарат берді. Жылдық жоспарға сәйкес жұмыстардың жүргізіліп жатқанын атап өтті.
2-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С. «Үздік жобалық қызмет» байқауының қорытындысымен таныстырды. Педагогтердің жобалық жұмыстарды ұйымдастырудағы шығармашылық ізденістері мен тәжірибелері талқыланды.
3-мәселе бойынша: Әдіскер тақырыптық бақылау нәтижелерін таныстырды. STEM технологиясын қолдану арқылы балалардың зерттеушілік, логикалық ойлау, құрастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары талданды. Педагогтерге тәжірибелік жұмыстарды жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.
4-мәселе бойынша: Біліктілік санатын жоғарылатуға үміткер педагогтер «Педагог жәрмеңкесі» аясында өздерінің әдістемелік тәжірибелерімен бөлісті. Заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары көрсетіліп, өзара тәжірибе алмасу ұйымдастырылды.

5-мәселе бойынша: Педагогтерге жол-көлік жарақаттарының алдын алу жұмыстары түсіндірілді. Балаларға жолда жүру ережелерін үйрету, жол белгілерімен таныстыру және ата-аналармен бірлескен профилактикалық жұмыстар жүргізу қажеттігі айтылды.

Қаулы:

7. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
8. «Үздік жобалық қызмет» байқауының қорытындысы назарға алынсын.
9. STEM технологияларын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді қолдану жұмыстары жалғастырылсын.
10. Педагогтердің озық тәжірибелері жинақталып, әріптестер арасында таратылсын.
11. Жол-көлік жарақаттарының алдын алу бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.
12. Балаларға жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелері тұрақты түсіндіріліп отырсын.

Кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.
Хатшы: _____ Шортанова Ж.К

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
№ 3 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: Наурыз 2025 жыл
Қатысқандар: 10

Тақырыбы: «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік-патриоттық тәрбие беру».
Мақсаты: Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс жүйесін жетілдіру жолдары мен тәсілдерін қарастыру.

Күн тәртібі:
1. № 2-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. «Адамгершілік-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың әртүрлі әдістерін енгізу бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің үзінділері» атты бейнелі очерк.
3. «Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірлемелер» атты педагогикалық шеберлік конкурсының қорытындыларын талқылау.
4. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушы ортаны, осы бағыт бойынша педагогикалық процесті ұйымдастыру үшін тиісті жағдайлар мен әртүрлі құралдардың болуын бағалау».
5. Білім беру қызметіндегі сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу туралы: шаралар, міндеттер және қызметкерлердің жауапкершілігі.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Меңгеруші Ж.М Сапарбаева. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы ақпарат берілді. Педагогтерге жүктелген міндеттердің орындалуы, оқу-тәрбие процесінде берілген ұсыныстардың жүзеге асырылуы қарастырылды.
Талдау барысында педагогтердің тәрбие жұмысына жауапкершілікпен қарайтыны, балалармен жүргізілетін іс-шаралардың жоспарға сәйкес ұйымдастырылғаны атап өтілді.
2-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С педагогтердің балалармен бірлескен қызметінде адамгершілік және патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді әдістері таныстырылды.
Педагогтер балалармен өткізген ұйымдастырылған іс-әрекеттерінен, ойындарынан, шығармашылық жұмыстарынан үзінділер көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

3-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С конкурсқа ұсынылған педагогтердің әдістемелік әзірлемелері қарастырылып, олардың мазмұны, өзектілігі, шығармашылық ерекшелігі және тәжірибеде қолдану мүмкіндіктері талданды.

Конкурс барысында педагогтердің адамгершілік-патриоттық тәрбие бағытындағы шығармашылық ізденістері, авторлық ойындары, дидактикалық материалдары мен әдістемелік құралдары бағаланды.

Қатысушылардың жұмыстары бойынша пікірлер айтылып, үздік әзірлемелерді мекеме тәжірибесіне енгізу ұсынылды.

4-мәселе бойынша: Әдіскер Карибаева А.С «Заттық-дамытушы ортаны, осы бағыт бойынша педагогикалық процесті ұйымдастыру үшін тиісті жағдайлар мен әртүрлі құралдардың болуын бағалау» тақырыбында жүргізілген бақылау нәтижелері таныстырылды.

Бақылау барысында топтардағы заттық-дамытушы ортаның ұйымдастырылуы, ұлттық бұрыштардың жабдықталуы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық материалдардың, көрнекіліктердің, ұлттық ойын құралдарының болуы қарастырылды.

5-мәселе бойынша: Меңгеруші Сапарбаева Ж.М білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру, қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселелері қарастырылды.

Қызметкерлерге өз міндеттерін адал орындау, ата-аналардан заңсыз сыйақы немесе материалдық құндылықтар талап етпеу, қызметтік жағдайын жеке мақсатта пайдаланбау қажеттігі түсіндірілді.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Қаулы:

1. № 2-педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Берілген тапсырмалардың орындалуы тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Тәрбие жұмысының сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
4. Адамгершілік-патриоттық тәрбие берудің тиімді әдістері педагогтердің күнделікті жұмысында жүйелі қолданылсын.
5. Ұлттық құндылықтарды дәріптейтін іс-шаралар мен ойындар ұйымдастырылсын.
6. Педагогтердің озық тәжірибелері өзара таратылсын.
7. Педагогикалық шеберлік конкурсының қорытындысы бекітілсін.
8. Үздік әдістемелік әзірлемелер педагогтер арасында таратылсын.
9. Педагогтердің шығармашылық ізденістері мен кәсіби тәжірибелерін дамыту жұмыстары жалғастырылсын.

10. Топтардың заттық-дамытушы ортасы адамгершілік-патриоттық тәрбие бағыты бойынша толықтырылсын.
11. Ұлттық бұрыштар мен дидактикалық материалдар жүйелі түрде жаңартылып отырсын.
12. Әдіскер бақылау нәтижесінде берілген ұсыныстардың орындалуын қадағаласын.
13. Білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.
14. Қызметкерлер арасында құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
15. Қызметтік әдеп нормалары мен еңбек тәртібінің сақталуы қадағалансын.
16. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша профилактикалық шаралар тұрақты ұйымдастырылсын.
17. Әрбір қызметкер өзіне жүктелген міндеттер мен жауапкершілікті қатаң сақтасын.

Кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.
Хатшы: _____ Шортанова Ж.К

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» ЖШС
№ 3 педагогикалық кеңес хаттамасы
№ 4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: Мамыр 2025 жыл
Қатысқандар: 10

Тақырыбы: 2024–2025 оқу жылының қорытындысы. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.

Мақсаты:

- Педагогикалық ұжымның негізгі міндеттерді іске асыру тиімділігін анықтау;
- Барлық жас топтарындағы білім беру жұмысындағы проблемаларды анықтау және талдау;
- Келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды белгілеу;
- Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібі:

1. № 3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. 2024–2025 оқу жылындағы жұмысты талдау.
3. Балалардың даму мониторингін талдау.
4. Тәрбиешілердің жылдық есептері.
5. Мамандардың жылдық есептері.
6. 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарды анықтау.
7. Келесі оқу жылына арналған жылдық міндеттерді бекіту.
8. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту.
9. Педагогикалық кеңестің шешімі.

1-мәселе. № 3-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау

Тыңдалды: Әдіскер өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп берді. Адамгершілік-патриоттық тәрбие, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және дамытушы ортаны толықтыру бағытында жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жұмыстар жалғастырылсын.

2-мәселе. 2024–2025 оқу жылындағы жұмысты талдау

Тыңдалды: Әдіскер оқу жылында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасады. Жылдық міндеттердің орындалуы, тәрбие-білім беру процесі, педагогтердің әдістемелік жұмыстары мен ата-аналармен байланысы талданды.

Қаулы:

1. Оқу жылының қорытынды жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Анықталған кемшіліктер келесі оқу жылында ескерілсін.

3-мәселе. Балалардың даму мониторингін талдау

Тыңдалды: Балалардың жыл басындағы және жыл соңындағы даму көрсеткіштері салыстырылып, даму динамикасы талданды. Жеке қолдауды қажет ететін балалармен жұмыс жүргізу қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес жұмыстар жалғастырылсын.

4-мәселе. Тәрбиешілердің жылдық есептері

Тыңдалды: Тәрбиешілер оқу жылында атқарған жұмыстары, өткізілген іс-шаралар, балалармен және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы есеп берді.

Қаулы:

1. Тәрбиешілердің есептері қабылдансын.
2. Жетістіктер мен тәжірибелер келесі оқу жылында жалғастырылсын.

5-мәселе. Мамандардың жылдық есептері

Тыңдалды: Музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы және басқа мамандар жыл бойы атқарған жұмыстары туралы есеп берді.

Қаулы:

1. Мамандардың есептері қабылдансын.
2. Балалардың қабілеттерін дамыту жұмыстары жалғастырылсын.

6-мәселе. 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарды анықтау

Тыңдалды: Әдіскер келесі оқу жылына арналған негізгі бағыттарды ұсынды. Балалардың жан-жақты дамуы, ұлттық тәрбие, денсаулықты нығайту және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мәселелері қарастырылды.

Қаулы:

1. Ұсынылған негізгі бағыттар мақұлдансын.
2. Жылдық жоспар әзірлеу барысында педагогтердің ұсыныстары ескерілсін.

7-мәселе. Келесі оқу жылына арналған жылдық міндеттерді бекіту

Тыңдалды: 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттер ұсынылды.

Қаулы:

1. Жылдық міндеттер бекітілсін.
2. Педагогтер міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыс жүргізсін.

8-мәселе. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту

Тыңдалды: Әдіскер жазғы сауықтыру кезеңінің жоспарын таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру, таза ауадағы ойындар мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау қамтамасыз етілсін.
3. Спорттық, танымдық және шығармашылық іс-шаралар ұйымдастырылсын.

9-мәселе. Педагогикалық кеңестің жалпы шешімі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2024–2025 оқу жылының жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері ескерілсін.
3. Тәрбиешілер мен мамандардың жылдық есептері қабылдансын.
4. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттер бекітілсін.

5. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Кеңес төрайымы: _____ Сапарбаева Ж.М.
Хатшы: _____ Шортанова Ж.К